

**Regional Academy of Management  
European Scientific Foundation Institute of Innovation  
Regional Center for European Integration  
National Institute of Economic Research  
Sokhumi State University  
Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences in Public Administration  
East European Institute  
International University in Jalal-Abad  
Taraz Innovation and Humanities University**



**"PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT  
OF MODERN SCIENCE":  
Materials of the International  
Student Scientific Conference**

**March 28-30, 2018  
(Seoul, Korea)**

**Seoul, 2018**

**UDC 001.18  
LBC 72  
P 93**

**Editorial Board:**

**Chairman of the Board – Professor S. Midelski (Kazakhstan).**

**Members of the Board: D.Sc., Professor S. Baubekov (Kazakhstan), Ph.D., Associated Professor Zh. Duysheev (Kyrgyzstan), Ph.D., Associated Professor B. Gechbaia (Georgia), Ph.D., Professor O. Komarov (Kazakhstan), Associated Professor T. Kolossova (Kazakhstan), Associated Professor I. Makarycheva (Russia), D.Sc., Professor A. Mamasydykov (Kyrgyzstan), Ph.D., Associated Professor A. Morov (Russia), D.Sc., Professor Ye. Saurykov (Kazakhstan), D.Sc., Professor L. Qoqiauri (Georgia), D.Sc., Professor E. Romanenko (Ukraine), Ph.D., Professor L. Takalandze (Georgia), D.B.A., Professor T. Trocikowski (Poland), Associated Professor D. Zhelazkova (Bulgaria).**

**P 93 "Prospects for the Development of Modern Science": Materials of the International Student Scientific Conference. – Seoul, Korea: Regional Academy of Management, 2018. – 158 p.**

**ISBN 978-601-267-398-2**

This is a compilation of the materials of the International Student Scientific Conference "Prospects for the Development of Modern Science", that was held in Seoul, Korea, on March 28-30, 2018.

Submissions cover a wide range of issues, primarily the problem of improving management, sustainable economic development and introduction of innovative technologies, improved training and enhancement of the development of "human capital", interaction between the individual and society, psychological and pedagogical foundations of innovative education.

Materials addressed to all those interested in the actual problems of management, economy and ecology, social sciences and humanities.

**UDC 001.18  
LBC 72**

**ISBN 978-601-267-398-2**

**© Regional Academy of Management, 2018**

<b>1.4. М.М. Мухамбеков, Т.Т. Шынгысбай, Д.Н. Сагынғали</b> Текущее состояние малого и среднего бизнеса Казахстана и развитых стран.....	85
---	----

## **SECTION II / СЕКЦИЯ II**

<b>EXACT SCIENCE, TECHNIQUE AND TECHNOLOGY AT THE PRESENT STAGE / ТОЧНЫЕ НАУКИ, ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ</b>	<b>90</b>
---	-----------

<b>2.1. А.Б. Алимханов, Н.А. Наурзалиев, А.Қ. Кыркынбаев, А.Н. Абдуллаева</b> Түпкі торлы және кавказдық бастоғандардың ерекшеліктері.....	90
<b>2.2. Г.Ә. Дүбірбаева, А.Б. Айнақұл, А.С. Самиев</b> Жамбыл облысы Меркі ауданының картографиялық – геодезиялық ақиқаттылығы.....	95
<b>2.3. Г.Ә. Дүбірбаева, Н.Р. Ауесбеков, Б.С. Исабек</b> GPS түсірмесіне байланысты жалпы жоспарлау мәселелері.....	99
<b>2.4. Г.Н. Жакупова, А.С. Искинеева, Н.Ә. Әбді, Ж.Т. Айляз, Ұ.Ә. Торғайбай, Е.С. Асанова</b> Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіп кешенін дамытудың перспективалары.....	105
<b>2.5. Д.Е. Зейнел, В.А. Яшков</b> О механизме реализации направлений по энергосбережению и энергоэффективности.....	107

## **SECTION III / СЕКЦИЯ III**

<b>SOCIETY AND PERSONALITY / ОБЩЕСТВО И ЛИЧНОСТЬ</b>	<b>113</b>
--	------------

<b>3.1. А.О. Калыкова, А.С. Бекишев</b> Влияние общества на развитие личности.....	113
<b>3.2. А.С. Кадырова, К. Оспанова, А. Манапова</b> Подбор задач при обучении студентов компьютерному моделированию.....	121
<b>3.3. К.Б. Ахатаева, К.Т. Туkenова, Н. Әшіржанұлы, Р.Н. Джаксыбаева</b> Өткеннен сабақ алудағы интеллектуалды олимпиаданы өткізудің маңызы.....	127
<b>3.4. Г.К. Шолпанқұлова, Л.Ж. Алпамысова</b> Жеткіншектердің оқу табыстылығына сабақтан тыс іс-әрекеттің ықпалы.....	133

Обучение компьютерному моделированию студентов колледжа и учащихся профильных классов с помощью подобранных задач и ситуаций показало возрастание навыков использования средств программ компьютерной графики, увеличилось качество усвоения материала, возросло понимание роли математических моделей в решении производственных задач.

### **Список литературы:**

1. Мамадалиева Л.Н. Обучение студентов вузов технологического профиля методам математического моделирования случайных процессов / Л.Н. Мамадалиева // Вестник АГУ. Серия «Педагогика и психология» // - Майкоп: АГУ, 2009. – Вып.4. – С. 186-193.

2. Тарасова О.А. Методика обучения трехмерному компьютерному моделированию в курсе информатики профильной школы: Дис. ... канд. пед. наук. - СПб., 2005. – 226 с.

### **3.3. Өткеннен сабақ алудағы интеллектуалды олимпиаданы өткізудің маңызы**

#### **Калия Байконыровна Ахатаева**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
«Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті.  
АО «Алматы технологиялық университеті»  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### **Капиза Туkenовна Туkenова**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
«Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының доценті.  
АО «Алматы технологиялық университеті»  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### **Нұрсұлтан Әшіржанұлы**

студент, АО «Алматы технологиялық университеті»  
(Алматы қ., Қазақстан)

#### **Роза Нурлыбайқызы Джаксыбаева**

студент, АО «Алматы технологиялық университеті»  
(Алматы қ., Қазақстан)

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» [1, 26-27], – деп ерекше мән беретінін аңғарамыз. Бұдан қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз

мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді көздейді.

«Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу бүгіндері де өміршеңдігін жоғалтқан емес. Себебі, қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу қазіргі қоғамның талабы.

Қазақ халқының, өткен өміріне қарасақ, азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресі ешқашан толастамағанын аңғарамыз.

XX-ғасырдың алғашқы екі он жылында торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, т.б. арыстарымыздың өмір жолындағы ерлік істері ұлт мүддесі үшін көпке үлгі [2, 13].

Алаш арыстары қазақ мемлекетінің шаңырағын көтерісті, уығын шаншысты. Елінің еркіндігі мен халқының азаттығы үшін барша ғұмырын арнаған ағалардың атын ардақтау, аруағын жаңғырту, олардың мұрасынан тағылым алу – баршамыздың парызымыз.

2017 жылы Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасы Алаш Орданың 100 жылдығы аясында Алматы қаласының жоғары оқу орындары студенттері арасында «Алаш қозғалысы: тарихы мен тағылымы» атты интеллектуалды олимпиада өткізген еді. Бұл мәдени іс-шараның мақсаты – ұлтының азаттығы мен теңдігі үшін аянбай қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің өнегелі істері мен жалындаған ғұмырларын елінің жарқын болашағына арнаған өмір жолын, жүрегі мен ақылынан туған көркем ойларын, дүниетанымын, Алаш қозғалысының тағылымын насихаттау еді. Жас ұрпаққа Алаш зиялыларының азаттық үшін күрескен жылдарының салмағы мен бағасын ұғынуға ықпал жасау арқылы Тәуелсіздігіміздің мәнін сезінуге тәрбиелеу, студенттердің санасында өз еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезімді қалыптастыру еді. Интеллектуалды жарыста Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарынан құралған топтар қатысып, бес айналымнан тұратын тапсырмаларға өте жоғары деңгейде жауаптар беріп, нағыз бәсекелестік қасиеттерін көрсете білді.

Әрбір топтың дайындықтарына баға беріп, қорытындылаған Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының

ғалымдары төрелік етті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Алаш ұрпақтары» тобы, Алматы технологиялық университетінің «Алаш аманаты» тобы, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінің «Ибн-Сина ізбасарлары» тобы барлық топтардан оза шауып, өзара жүлделі орындарды бөлісті.

Міне, рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рухты бүгінгі жастар дәлелдей алды. Өткеннен сабақ алудағы интеллектуалды олимпиадаларды тиімді өткізудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегіндегі «Алаш мұрасы және осы заман» тарауы құнды деректермен қамтылған.

Заманның тар жол, тайғақ кешуіне тап келген Алаш арыстарының өнегелі өмірінен үйренеріміз көп. Бар қажыр-қайратын, қабілет-қарымын, ақыл-ойын, ынта-ықыласын халықтың жарқын болашағы, елдің ертеңі жолында сарп еткен асыл азаматтардың елшілдігін, мемлекетшілдігін үлгі тұтуымыз керек. Олар прогресшіл ағартушылық идеяларды дамытты, артта қалушылыққа қарсы күресті. «Оян, қазақ!» [3, 7] деп ұран көтерген Алаш қайраткерлерінің жаппай ағартушылық сарынға түсуінің себебі де осыдан. Өнегесі мол, осындай іс-шараның жалғасы ретінде Алматы университетінің республикалық деңгейдегі «Ұлы тұлғаларға тағзым» атты интеллектуалды олимпиаданы ұйымдастырудағы студент-жастардың алған тәлім-тәрбиелік әсері ұшан-теңіз. Бұл интеллектуалды олимпиада тарихшы мамандығында оқитын педагогикалық жоғары оқу орны емес, техникалық жоғары оқу орындарының студент-жастары арасында өтуімен ерекшеленді.

Алматы университеті ұйымдастырған бұл республикалық олимпиаданың мақсаты: студенттердің тарихтан алған білім саласы бойынша интеллектуалдық, логикалық ойлау шеберліктерін арттырып, жүйріктік, тапқырлық т.б. қасиеттері тұрғысынан дағдыларын шыңдау. Жастардың бойындағы дарындылық, білімділік сынды озық қасиеттерін насихаттап, көпшілікке таныту.

Міндеттері:

- қазақ тарихындағы, дара тұлғалардың еңбектері мен ерен ерліктерін үлгі ету арқылы студенттердің бойындағы патриоттық сезімін арттыру;

- жастардың жеке кәсіби әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін шыңдау;

- студенттердің толыққанды жеке тұлға ретіндегі ұстанымын орнықтыру, т.с.с.

Республикалық деңгейде өткен бұл интеллектуалды олимпиаданың рухы бай тұлғалардың ізінен үлгі-өнегесінен сабақ алу. Жан-жақтан келіп, өздерін додада көрсете білген жастардың құлшынысы жоғары болды. Ойдан-ой қозғап, бәсекелікке төтеп бере алған ұтқыр шешімдерімен таңқалдырған нағыз таланттылар айқасы

десек болғандай. Бірнеше айналымнан тұратын бұл интеллектуалды олимпиаданың бірінші тапсырмасы – «Ұлы тұлғаларға тағзым» тақырыбындағы ғылыми жоба қорғау. Барлық топ мүшелерінің дайындықтары талапқа сай. Алматы технологиялық университетінің «Қыран» тобының «Тұманды тормен айқасқан - Алаш» тақырыбындағы ғылыми жоба «үздік» деп танылды. Ғылыми жобаның барысы жайынан мысалдар келтіру орынды.

Тақырыптың өзектілігі: Ұлттық тарихы білім – белгілі бір халықтың өткен өмірлерін білу ғана емес, сонымен бірге, адам санасын шыңдап, оның бойында Отаншылдық сезімді ұялата алатын білім алумен байланыстырылған. Бүгінгі ұрпақтың бойында іскерлік, біліктілік және жауапкершілік қасиеттерді қалыптастырмай, олардың ізгілікті, рухани жан-жақты өркендеуіне, сондай-ақ өткен буын өкілдерінің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай, әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін еместігіне дәлелдер келтірілді.

Сол сияқты, ғылыми жобаның мақсаты мен міндеті жан-жақты ашылып, еліміздің нормативтік құжаттарына сүйенген.

Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында «Біздегі бұрынғы білім беру жүйесіне шектен тыс идеологиялық тәуелділік пен кәсіптік бағдар тән еді. Оған қоса, қоғамдық пәндер саласында көбінесе адам табиғатын, оның өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін, шынайы мәдени құндылықтарын тиісінше ескере бермейтін ғылыми білім үлгілеріне бағыт ұстайды», - деп атап көрсетілген.

Сондықтан Қазақстан Республикасының әрбір азаматы, ең бастысы, ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды игеру, өз тарихына құрметпен қарау.

Кешегі жүз жылда бір туар асыл азаматтарымыздың елжандылығы үшін атқарған істерін, олардың ақыл-парасатын, таным-түсінігін, зердесін – бүгінгі маман саналы түрде меңгеруімен, өркениет көшіне көтерілген үшінші мыңжылдыққа қадам басқан мемлекетіміздің рухани жаңғырудағы рөлін жан-жақты ашу,

Ал, ғылыми жобаның басты міндеті:

- Қай мамандық иесі болмасын, жоғары адамгершілікті, жауапкершілікті, сапалық ерекшелігін қасиеттерімен биік тұрудағы – ұлттық намысты, ұлттық сананы ояту;

- Тез арада шешімге келе білудегі Алаш зиялыларының өнегелі істерінен сабақ алу, бүгінгі рухани жаңғырумен байланыстыру;

- Ел мүддесі үшін атқарған еңбектерінің құпиясын білген сайын, ел тағдырына қатысты бүгінгі өмірдің тыныс-тіршілігіне белсенді болудағы күтілетін нәтижелерге талдау жасау;

- Тұманды тормен айқасқан – Алаштың тарихтағы рөлін арттыру.


Ғылыми жобаның жаңалығы – Отанға қызмет ету жауапкершілігіне тәрбиелейтін «Тұманды тормен айқасқан - Алаш» жобасының қазіргі

Қазақстанның тәуелсіздігіне зәру Алаш ғылыми-педагогикалық мұрасына негізделген мектебін одан әрі жаңа қырынан қалыптастыру болып табылады; Орынбор мұрағатынан табылған А. Байтұрсыновтың жанды дауыста [4, 65] елге айтқан соңғы сәлемін тиімді қолдану; студенттердің зерттеуінен қазақ зиялыларының саяси бағытына кесте, Алаш зиялыларының қоғамдағы рөліне модель ұсынылуы т.с.с.

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохико Алаш зиялылары жайындағы пікірі мынадай еді: «Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады» [5, 41], - деп атап көрсеткен.

Уяма Томохиконың құнды сөздерінің жаны бар «XIX ғ. Аяғы XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының саяси бағытының топтары» дайындаған «Қыран» тобының кестесінде жан-жақты көрсетілген.

Кесте 1. XIX ғ аяғы XX ғ басындағы қазақ зиялыларының саяси бағытының топтары





«Қыран» тобының «Тұманды тормен айқасқан - Алаш» тақырыбындағы ғылыми жоба ұсынысы:

- Алаш қайраткерлеріне арнайы мұражайлар ашылса;
- Батыс Алашорда жетекшісі Жаһанша Досмұхамедовтың Мәскеу қаласында тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылса;
- Воронеж қаласында Жаһанша Досмұхамедовтың айдауда болған кезінде тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылса;
- Самара қаласында тұтқын болған кезде Ә. Бөкейхановтың тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылса;
- Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласындағы Жаһанша Досмұхамедовтың жерленген жерінен топырағын әкеліп, Жымпитыдағы «Алаш саябағына» капсуласын орналастыру;
- Республиканың қай аймағында болмасын, Алаш қайраткерлерінің бейнелері мен өсиеттері ілінсе, бүгінгі ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігі артар еді;
- Алаш қайраткерлері атынан талантты студенттерге арнайы шәкіртақы тағайындалса;
- Алаштанудың келешекте зор табыстарға жетуінің кепілі – Алаш қозғалысы тарихына қатынасы бар жекелеген деректерді, шет елдерде сақталған ұлт-зиялыларымыздың бірқатар мұрағаттарын, қазақ халқының ұрпағы ретінде, туған жерімізге алынуын сұраймыз.

Қазақстан Республикасының жоғары техникалық білім беру жүйесінде басты талаптардың бірі – болашақ маманның, оның өз бетінше дұрыс жауапты шешім қабылдауға қабілетті, бірігіп үлкен ортада жұмыс істей алуы, кездескен қолайсыз жағдайларда әрекет ете білуі, алдына қойған мақсатының нәтижелі жетістіктерін көре білуі мен білім шыңын игеруге талаптануы. Қай мамандық иесі болмасын жоғары, адамгершілікті, жауапкершілікті, сапалылық ерекшелік қасиеттерінің биік тұруы басты міндет.

Өткеннен сабақ алудағы интеллектуалды іс-шаралардың ертеңгі мамандарға тағылымы мол мұра болып қалатындығы сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2014 ж., 18-қаңтар, № 11.
2. Назарбаев Н.Ә. «Өзек жарды ойлар» Алматы, 2003 ж.
3. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда» Алматы: «Ататек», 1995. – 222-б.
4. Орынбор мұрағаты // А. Байтұрсыновтың жанды дауысы // Терме: Қазақ халқына арнаған соңғы сәлемі, 2017 ж.
5. Томохико Уяма «Переосмысление этнической истории казахов». 1999 г.